

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 332-IV Заны

2009 жылғы 22 қарашада Кабулда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасын  
Президенті* *H. Назарбаев*

### Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі,

білім беру саласындағы ынтымақтастықты теңдік және өзара тиімділік принциптерінде дамыту ниетін басшылыққа ала отырып,

Тараптар мемлекеттері заңнамаларының нормаларын негізге ала отырып, білім беру саласындағы екі жақты ынтымақтастықтың болашақтағы дамуы Тараптар мемлекеттері халықтарының арасында достық пен өзара түсіністікті орнатуға және қолдауға едәуір дәрежеде ықпал ете алатындығын назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

#### 1-бап

Тараптар кадрлар даярлау, бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру мәселелері бойынша ақпарат алмасу жолымен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ынтымақтастықтың дамуына жәрдемдеседі.

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі мен құрылымы, білім беру саласындағы реформалар және білім берудің жаңа технологиялары туралы ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

#### 2-бап

Тараптар өзара қызығушылық тудыратын проблемалар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу немесе білім беру ұйымдары қол қоятын шарттардың негізінде Тараптар мемлекеттерінде өткізілетін ғылыми білім беру конференцияларына, семинарларға, симпозиумдарға қатысу мақсатында профессорлық-оқытушылық қурамды шақыруды өзара негізде көтермелейді.

### **3-бап**

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің білім беру саласындағы заңнамалары туралы ақпарат алмасады.

### **4-бап**

Қазақстан тарапы 2010 - 2014 жылдар аралығында жыл сайын Ауғанстан Ислам Республикасы азаматтарының қатарынан 200 адамды: оның ішінде 140 адамды жоғары оқу орындарына және 60 адамды техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға қабылдайды. Медициналық мамандықтарға жоғары оқу орындарына қабылдау 2010 — 2012 жылдар аралығында жүзеге асырылады. Білім алушылардың жалпы саны 1000 адамды құрайды, оның ішінде 700 адам - жоғары оқу орындарында, 300 адам - техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында. Оқыту 2019 жылға дейін (медициналық мамандықтар -2020 жылға дейін) Қазақстан Республикасының қарожаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

### **5-бап**

Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқыту мынадай салалардағы мамандықтар бойынша жүзеге асырылады: денсаулық сақтау - 200 адам (жоғары арнайы (жалпы медицина) - 194, фармация бакалавриаты - 6); ауыл шаруашылығы - 129 (бакалавриат - 117, магистратура - 12), ветеринария - 6 (магистратура - 6); ішкі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету - 75 (бакалавриат - 75); гуманитарлық сала және журналистика - 40 (бакалавриат - 16, магистратура - 24), жаратылыстану ғылымдары — 6 (магистратура - 6 ), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 18 (магистратура - 18); өнер - 18 (магистратура - 18); құқық - 6 (магистратура - 6); мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету - 45 (бакалавриат — 45); инженерлік - 91 (бакалавриат - 40, магистратура - 51) және педагогикалық бағыттар - 66 (бакалавриат - 30, магистратура - 36 ).

Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқыту Қазақстан тарапының пікірлері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, жыл сайын ауған тарапы айқындастын

кәсіптер мен мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.05 № 28-V Занымен.

## 6-бап

Қазақстан тарапы Қазақстан Республикасының жоғары және кәсіптік-техникалық оқу орындарында білім алатын Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтарын өз мемлекетінің заңнамасында белгіленген негізде және шектерде пәтер мен коммуналдық қызметтерге төлемақысыз тұрғын үй-жаймен қамтамасыз етеді.

Жөнелтілетін жерден білім алатын жерге дейін және кері және жазғы демалыс уақытындағы, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде авиакөлікпен, Қазақстан Республикасының ішінде темір жол немесе автомобиль қөлігімен қөліктік шығыстарға жыл сайын Қазақстан тарапымен келісілген бағыт бойынша Қазақстан тарапының қаражаты есебінен ақы төленеді.

Қазақстан тарапы ішкі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және мемлекеттік шекараны қорғау мамандықтарына оқытындардан басқа, барлық білім алушыларға бүкіл білім алу кезеңінде өз мемлекетінің заңнамасында студенттерге арнап белгіленген мөлшерден екі есе артық мөлшерде стипендия төлейді.

Қазақстан тарапы білім алушыларға өз мемлекетінің денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы шенберінде медициналық қызмет көрсетуді ұсынады.

## 7-бап

Қазақстан тарапы ішкі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы мамандық бойынша. білім алушыларды Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерінің тиісті санаттары үшін белгіленген нормалар бойынша ақшалай үлеспен, тамақпен және тұрғын үй-жаймен қамтамасыз етеді.

Ішкі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы мамандық бойынша білім алушы Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтарында өздерімен бірге Қазақстан Республикасында білім алу уақытында күнделікті және мерекелік шеруде киуге арналған ұлттық полицейлік киім нысаны болуы және олар Ауғанстан Ислам Республикасының айырым белгілерін тағуы тиіс.

## 8-бап

Қазақстан тарапы мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету саласындағы мамандық бойынша білім алушыларды Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерінің тиісті санаттары үшін белгіленген нормалар бойынша ақшалай үлеспен, тамақпен, киім-кешекпен және тұрғын үй-жаймен қамтамасыз етеді.

## **9-бап**

Оқуға қабылданған Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтары міндетті түрде Қазақстан тарапының жоғары оку орындарында даярлық бөлімдерінде тілдік оқудан етеді.

Оқыту тілдері даярлық бағытына байланысты қазақ және орыс тілдері болып белгіленеді.

## **10-бап**

Даярлық бөлімдерін аяқтағаннан кейін тыңдаушылар таңдаған мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оку орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру үйімдарына бөлінеді.

## **11-бап**

Ішкі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және мемлекеттік шекараны қорғау мамандықтары бойынша оқыту циклдері және білім беру бағдарламаларының мазмұны Қазақстан Республикасы ұлттық мұдделерінің талаптары ескеріле отырып қалыптастырылады.

## **12-бап**

Тараптар келіскең оқу деңгейлері мен мамандықтар бойынша тыңдаушыларды даярлық бөлімдеріне қабылдауды Қазақстан тарапының ведомствоаралық көшпелі комиссиясы жүзеге асырады. Ведомствоаралық көшпелі қабылдау комиссиясының жұмысына жұмсалған шығындар Қазақстан тарапының есебінен жүзеге асырылады (Ауғанстан Ислам Республикасына бару және одан кету бойынша көліктік, тұру және тәуліктік шығыстар - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі есебінен; Қазақстан Республикасы шегіндегі көліктік шығыстар, жол журу визалары мен медициналық сақтандыруды ресімдеу - мұдделі мемлекеттік органдардың есебінен).

Ведомствоаралық қабылдау комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері - 3 адам (комиссия төрағасы, комиссия хатшысы, комиссия мүшесі), Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен - 1 адам (комиссия төрағасының орынбасары), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінен - 2 адам, Ауыл шаруашылығы министрлігінен -1 адам, Ішкі істер министрлігінен - 1 адам, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен -1 адам кіреді.

Ведомствоаралық қабылдау комиссиясының Ауғанстан Ислам Республикасындағы жұмыс мерзімі 7 күндей құрайды.

13-бап

Ауған тарапы бұқаралық ақпарат құралдары мен жергілікті билік органдары арқылы Ауғанстан Ислам Республикасының халқын Қазақстан Республикасының жоғары оку орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарына окуға қабылдау туралы хабардар етеді.

Ауган тарапы білім алуға үміткерлердің құжаттарын жинауды, медициналық тексеруден өтуін және олардың көшпелі қабылдау комиссиясымен әңгімелесуін үйімдастыруды жүзеге асырады.

Ауған тарапы көшпелі қабылдау комиссиясының тындаушыларды даярлық бөлімдеріне қабылдау жөніндегі жұмысына жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

Ауган тарапы уәкілетті өкіл арқылы ауган студенттерін оқыту процесінде туындайтын мәселелерді жедел шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органының қарауына енгізеді.

14-бап

Қазақстан Республикасындағы даярлық бөлімдеріндегі Ауғанстан Ислам Республикасы тындаушыларының және студенттерінің/курсанттарының оқуы, тұруы, оларға медициналық қызмет көрсету Қазақстан тарапы мемлекетінің заңнамасы негізінде және шегінде жүзеге асырылады.

15-бап

Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтары оқуды аяқтағаннан кейін отанына оралуға міндettі.

16-бап

Тараптар мемлекеттерінің оқу орындары беретін мемлекеттік ұлгідегі білім туралы құжаттарды Тараптар таниды және олардың баламалылығын белгілейді.

17-бап

4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15-баптарды қоспағанда, осы келісімде көзделген іс-шараларды іске асыру Тараптар мемлекеттерінің мүдделі ұйымдары арасында тікелей шарттар жасасу негізінде жүзеге асырылады, бұл шарттарда олардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі анықталуы тиіс.

18-бап

Осы Келісім екі Тарап та ресми мақұлдайтын білім алмасу жөніндегі басқа іс-шараларды өткізу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

## 19-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен тоғызытурулар мүмкін.  
енгізілуі

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі даулар мен келіспеушіліктер Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары арасында келіссөздер мен өзара консультациялар өткізу шешіледі.  
жолымен

Осы Келісім Тараптар қатысуышылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## 20-бап

Егер Тараптар әрбір нақты жағдайда кері шешім қабылдамаса, осы Келісімнің қолданысын тоқтату оның шеңберінде жүзеге асырылатын білім алушылармен алмасуға, осы Келісімнің қолданысын тоқтату күніне дейін аяқталмаған жобаларға немесе бағдарламаларға ықпал етпейді.

## 21-бап

Осы Келісім 2021 жылға дейінгі мерзімге жасалады.  
Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2009 жылғы 22 қарашада Кабул қаласында әрқайсысы қазақ, дари және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде алшақтықтар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының* *Ауғанстан Ислам Республикасының*  
*Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*